

Ж.А. Таштанов^{1*}, Вежихи Сефа Фүат Хекимоглу²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Кютахьядағы Думлупынар университеті, Кютахья, Түркия

(E-mail: z_tashtanov@mail.ru; sefafuat@hotmail.com)

Күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі Сайрам ауданының күнделікті өмір тарихы

Мақаланың мақсаты — 1928-1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен репрессиялық шаралардың мәселесі арқылы Сайрам ауданының микротарихын зерттеу. XX ғасырдағы жалпы ұжымдастыру заңдылықтарына салыстыру жүргізіліп, Сайрам ауданындағы сол дәуірдің хал-ахуалының ерекшелігі айқындалды. Талдаудың нысанына 1928-1930 жылдардағы Сайрамдағы Орта Азия мемлекеттік университеті студенттерінің шағым хатының себептерін анықтау үшін мұрағат материалдары және отандық авторлардың зерттеулері алынған. Жарияланбаған архивтік материалдар мен жарияланған мәліметтер негізінде жалпы мал өсіретін шаруашылықтар мен отырықшы аудандардағы тәркілеуге ұшыраған малдың шығынының көп болғаны анықталды. Сонымен бірге мақалада халық жауы ретінде осы ауданнан репрессияға ұшыраған азаматтардың деректері туралы да тергеу қызметтерінің хаттары негізге алып баяндалды. Архивтік материалдардағы стенографиялық есеп бойынша Сайрам ауданындағы астық жинау қарсаңындағы шаруалардың, артық салық төлеуге наразылығын арқау ете отырып, сол дәуірдің тап күресі жағдайындағы кеңестік тоталитарлық биліктің іс-әрекеті көрсетілген. Авторлар Сайрам ауданының 1928-1930 жылдардағы күнделікті өмір тарихын баяндай отырып, сол студенттердің шағым хатындағы жағдайды талдау-талқылау арқылы дәуір шындығын алға тартып өзіндік тұжырымдар жасаған.

Кілт сөздер: ұжымдастыру, тәркілеу, шаруа қожалығы, көшпелі, отырықшы, диқандар, студенттер, шағым, атқамінер, орташалар, байлар.

Kіріспе

Күнделікті өмір тарихы ұғымына тоқталып өтсек, бұл бағытта австриялық психоанализ теориясының авторы З. Фрейдтің «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» (1904) атты еңбегінде «күнделікті» сөзі алғаш қолданылған ғылыми еңбектің бірі болып табылады [1; 416]. Франкфурттық мектеп өкілдері тоталитаризмнің шығу тамырын түсінуге ұмтыла отырып, қоғамдық өмірдегі идеологияның ұйымдастырушылық рөліне баса назар аударды. Бұл мектептің соңғы өкілдерінің бірі Г. Маркузе заманауи батыстық мәдениет, оның техникалық жетістіктерімен, тұрмыстағы игіліктерімен, өмір қауіпсіздігімен бірге қоғамның барлық мүшелерінің репрессивті төзімділігін туындатады деген пікірде болды. Кеңес үкіметі құрған тоталитарлық жүйе ондағы орын алған репрессиялық шаралар Г. Маркузе пікірінің өте дәл айтылғанын тағы бір қуаттайды. Г. Маркузаның еңбектері тарихшылар мен әлеуметтанушыларды күнделікті тәжірибе деңгейінде сананы билеудің тетіктеріне талдау жасауға бағыттады. Франкфурттық мектептің әсерімен бір мезетте АҚШ-та солшыл радикалық сыни әлеуметтанушыларды жақтаушылар саны артты. Соның бірі П. Бергер мен Т. Лукманнның шындықты әлеуметтік жобалау теориясы [2; 85]. Осынау әлеуметтанушылар «күнделікті әлем» түсінігін ғылыми айналымға алғаш рет енгізді. Ресей пәлсапасында күнделікті және хронология тақырыбы арнайы тарихнамаға хрущевтік жылымық жылдарында, яғни 1950 жылдардың орта тұсы мен 1960 жылдардың басында енді. Тек 1980 жылдары ғана философиялық сөздіктерде тұрмыстық қатынастардың анықтамасы «өте мәнді», адам өмірінде «маңызды рөл» атқарушы ретінде кездесе бастады [3; 34]. Тарих ғылымында күнделікті пәлсапасының келешегін алғаш болып француз зерттеушілері атап көрсетті. Дәл осы зерттеушілер тарихты қалпында зерттеу міндетіне оны бәрін қамтитын және тұтастай қарастырып тек саяси-оқиғалармен, экономикалық, әскери салаларымен шектелмеуді назарға алды. Мұндай тарихи-антропологиялық тәсіл М. Блоктың, Л. Феврдің, Ф. Броделдің, яғни 1950 жылы шыға бастаған «Анналар» журналының төңірегіне топтасқан белгілі бағыт өкілдерінің негізі болды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: z_tashtanov@mail.ru

Күнделікті тарих олардың еңбектерінде адамдар өмірінің макроконтеcтiнiң бөлiгiне айналды [4; 621]. Микротарихи тәcілдiң мәнделiгi сонда: бiрiншiден, көптеген жеке тағдырларға назар аударылды. Екiншiден, микротарих күнделiктiнi қайта жобалау тәciлi ретiнде, iске аспаған мүмкiндiктер мен тарихи тандаудағы кездейсоқ жағдайлардың себебiн зерттеуi [5; 65-80]. Үшiншiден, микротарихтың өзгешелiгi тарихи зерттеулердегi өмiрбаяндардың орнын жаңаша түсiну, тарихи үдерiстiң бейнесiн қалыптастырудағы оның рөлiн мойындау. Төртiншiден, дәл осы микротарихшылар кәдiмгi тәжiрибенi ғана зерттеудi емес, сондай-ақ соғыс, революциялар, террор мен аштық жағдайындағы экстремалды тәжiрибенi зерттеудi мiндет етiп қойды.

Мақаладағы осындай микротарихи зерттеу объектiсi — Оңтүстiк Қазақстан өңiрiнiң тарихи өңiрi Сайрам ауданы. Сайрам ауданындағы кеңес өкiметi тұсындағы күштеп ұжымдастыру кезiнде орын алған оқиғалар бұрын зерттеу объектiсiнен тыс қалғандықтан тарихи тұрғыдан өзектi. Сонымен бiрге мақала жастарымызға тоталитарлық режимнiң адам құқықтарын елемеу, шектеу жағдаяттарын көрсете отырып, қазiргi тандағы демократиялық құндылықтарды бағалауда маңызды рөл атқарады деп санаймыз.

Сайрам көне атауы — Испиджаб тоғыз жолдың торабында орналасқан аса маңызды сауда стратегиялық нысан болған көне қалалардың бiрi едi. Орта ғасырда Сайрам ислам дiнiнiң оңтүстiкте орнығуында шешушi рөл атқарған мекен. «Сайрамда бар сансыз бап» деген сөз мағынасы да терең. Себебi бұл Сайрам шахарында ислам дiнiнiң таралуында аса көрнектi рөл атқарған Ахмет Яссауидiң туып өскенi, оның ата-анасының Ибрагим мен Қарашаштың зиратының осы мекенде орналасуының өзi де көп жайттан мағлұмат бередi. Сайрам жерi Қоқан хандығының басқыншылығын да басынан өткерген [6; 27]. Сондай теперiштiң тауқыметiн Сайрам өңiрi қылышынан қан тамған кеңестiк ұжымдастыру мен репрессияның және сол саясатты жүргiзген жергiлiктi шолақ белсендiлердiң сауатсыз iс-әрекетiнiң нәтижесiнде бастан өткердi. 1928 жылы қаңтарда Сырдария округiнiң құрамында Беловод ауданы құрылды. 1930 жылы декабрьде Манкент-Сайрам ауданы, ал 1935 жылы Сайрам ауданы болып өзгертiлдi. 1930 жылдың 1-маусымында Казхозпланның мәлiметi бойынша онда 36255 тұрғыны бар 6771 шаруашылық болған. Аудан орталығы 1930 жылға дейiн Ақсу ауылы, 1935 жылға дейiн Манкент, содан кейiн Сайрам ауылы. Сайрам ауылында 10 000-нан астам адам және 2000-нан астам шаруа қожалықтары болды. Сайрам ауданы Машат, Сайрамсу, Бадам, Арыс өзендерiнiң жағасында орналасқан [7; 34]. Социализм құрылысын iске асыру мақсатында жүргiзiлген кәтә саясаттың бiрi — 1928 жылдың тамыз айының 27-дегi «Байлардың шаруашылығын тәркiлеу туралы» декрет болды. Бұл декрет негiзiнде байлардың малдары жаппай тәркiге ұшырап, күшпен тартып алына бастады. Бұл жағдайлар зерттеушiлер К. Сыздықов, С. Жолдасовтардың еңбектерiнде айтылды. «Дегенмен, есепке алынбаған қаншама мал талан-таражға ұшырады. Ортаға келген мал қысқа қарай не шөбi, не қорасы жоқтықтан босқа қырылды. Колхозға бермес үшiн қырып тастаған малдар қаншама. Шаруашылық көзiн бiлетiн байлар басқа жаққа қашты, қуғын-сүргiн көрдi. Сонымен қатар 1928 жылы 24-қаңтарда Қазақ Автономиялық Социалистiк Республикасы Халық комиссарлары кеңесi жасырын жиналыс өткiзiп, Қазақстанның өз iшiнде байларды жер аударудың тәртiбiн бекiттi», – деп атап көрсетiлген [8; 20-21]. Бұл тәртiп бойынша байларды Қазақстанның бiр өңiрiнен, яғни тұрғылықты жерiнен басқа өңiрге күштеп жер аудару саясаты жүргiзiлдi. Бұл репрессиялық шараларды өз зерттеулерiнде белгiлi тарихшы М. Қойгелдиев те талдап көрсеткен [9; 506]. Алда байларды Сiбiрге каторгаға жер аудару, ату, асу, мал-мүлкiн ерiксiз тәркiлеу, тiптi әйел, бала демей аяусыз лагерлерге тығу сынды сұмдықтар күтiп тұрды. Сөйтiп қазақтарға қолдан қасiрет шектiру көзделдi. Талайлар тағдыр тәлкегiне ұшырады. Осынау күштеп ұжымдастыру, халық басына түскен нәубет зерттеушi Т. Омарбековтiң еңбектерiнде де зерттеу объектiсiне айналған [10; 320]. Сондай-ақ зерттеушi Қ. Алдажұманов еңбектерiнде астық дайындаудағы қысымшылық әрекеттер салдарынан орын алған Оңтүстiктегi Сырдария округiндегi халық көтерiлiстерiне де өзiндiк баға берiлiп, тұжырымдар жасалынған [11; 320].

Сонымен қатар Қазақстандағы астық дайындау «1929 жылдың күзiнен бастап Сырдария округiнде де колхоз құрылысында «ұлы бетбұрыс» басталды. Жекелеген аудандарда әлi де экономикалық және саяси алғышарттарының жасалмауына қарамастан олар да жаппай ұжымдастырылатын аудандар тiзiмiне iлiктi. Соның мысалы мұндағы Келес, Мақтаарал, Сайрам сияқты iлгерiден егiншiлiкпен айналысып келе жатқан аудандардың қатарына Шаян сияқты жартылай көшпелi, Қызылқұм, Шәуiлдiр, Созақ сияқты әлi де бiрлестiкке тартудың мүмкiндiгi жасалынбаған көшпелi аудандар да қосылып кетуi едi» [8; 36-37] деген белгiлi тарихшы С. Жолдасовтың құнды пiкiрiн айтуға болады. Өтiрiк ақпар беру, қосып жазу, екiжүздiлiктiң белең

алуы қатаң диктатураға негізделген авторитарлы жүйенің дәстүрлі салқыны оңтүстік өңірін де шарпыды. Кеңестік өкімет репрессивті шаралар арқылы қарсы бас көтерудің немесе наразылықтың кез келген түрін басып-жаншып отырды. Сондай наразылықтың бірі — Орта Азия Коммунистік университеті студенттерінің Сайрамдағы қалыптасқан ахуалға байланысты туындаған наразылықтарын ашық білдіруі болып табылды.

Методология және материалдар

Зерттеудің методологиялық негізін объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаттары құрайды. Мақаланы жазу барысында стенограммалық материалдарды фокус-топты талдау негізінде этнологиялық-элеуметтік әдістер қолданылды. Бұл жұмыстағы зерттеу методологиясы тарихи зерттеудің негізгі принциптеріне — тарихизм мен объективтілікке негізделген. Дамудың жалпы заңдылықтарын анықтауды көздейтін тарихизм принципі, ең алдымен, дереккөздерді талдауда қолданылды, ал объективтілік принципі негізінде тарихнамада бар көзқарастарға талдау жасалды. Зерттеу барысында нақты тарихи әдістер қолданылды. Тарихи-сипаттамалық нақты материалды, салыстырмалы-тарихи — тарихи фактілерді ұқсастық бойынша салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, статистикалық, эмпирикалық және басқа әдістер қолданылды. Олар тарихи оқиғалар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Жұмысты жазу кезінде ғылыми зерттеудің жалпы және арнайы тарихи әдістері қолданылды. Жалпы әдістерге мыналар жатады: талдау және синтез. Талдау жалпы ғылыми әдіс ретінде-зерттеу жұмысының барлық деңгейлеріне қолданылады. Бұл құбылыстардың жекелеген жақтарын, белгілері мен қасиеттерін бөліп көрсетуден және қарастырудан тұрады. Синтез арқылы нақты мысалдардан біртұтас сурет қалыптасады, тән белгілері ерекшеленеді. Арнайы тарихи әдістер: тарихи-генетикалық әдіс-зерттелетін шындықтың қасиеттерін, функцияларын және оның тарихи қозғалысы процесінде өзгеруін дәйекті түрде ашу. Бұған ауданда және елде ұжымдастыруды жүргізудің дәйекті процестерінің сипаттамалық технологиялары кіреді.

Мақалада жазба дереккөз ретінде, мұрағат деректері пайдаланылды және осы тақырыптың аясында еліміздің тарихшы ғалымдардың зерттеу материалдарына сілтемелер жасалынды. Сонымен қатар мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві материалдарының 1000-қоры, Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің 3316-қоры, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің 29-қоры, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Оңтүстік Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) бойынша департаменті архивінің 6-қоры және басқа да архив материалдары негізінен іс жүргізу құжаттарымен, қызметтік хаттармен, стенографиялық есептермен және статистикалық деректермен толықтырылған. Бұл материалдардың ғылыми айналымға енгізілуі зерттеудің жаңалығы болып саналады.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Сайрам өңірінде Ресейден қоныс аударушылармен мен жергілікті шаруалар арасында да талай қақтығыстар орын алған. Бұл мәселе турасында қырғыз елінің мемлекет қайраткері Жүсіп Әбдірахмановтың «Патша үкіметі қоныс аударушыларды жаңа жерлерге көшіріп, құнарлы жерлерді аямай оларға беру арқылы, қоныс аударушыларды өзінің отарлау саясатына негізгі тірек еткісі келген» [12; 140-141] деген ойы өте құнды. Бұл мәселе архив деректеріне қарағанда, басқаша нысанда өңі айналып, кеңес үкіметі тұсында да жалғасын тапқан [13; 4-5 п.]. Мұны БОАК Президиумының 1926 жылы 30-тамызда, сонан соң келесі 1927 жылы 28-ақпанда «Қазақ АКСР территориясына 1925 жылдың 14 қыркүйегіне дейін келген переселендер жергілікті халықпен тең дәрежеде жерге орналастырылсын» деген қаулысынан да байқауға болады [14; 12 п.]. Осы мәселемен айналысқан БОАК Ерекше комиссиясының басшысы Серафимовтің баяндамасында да бұл мәселе терең көрініс тапқан. Серафимовтің пікірінше, «жер реформасы жергілікті халықтар үшін қоныс аудару келгендерден кек алу сипатында жүрген, ал оның ең жағымсыз жағы қазақ және қырғыз бұқарасы арасындағы ұлттық шовинизмнің орыс шаруаларына деген жаулық сезімінің өріс алуына жол ашқан. Сонымен бірге жер реформасы өңірге экономикалық даму емес, құлдырау ала келген» [15; 15 п.]. Сайрам ауданынан шығып, оқыған көзі ашық жастардың халықтың мұңын білдіруге тырысқан шағымдарына себеп болған көптеген факторлардың бірі — осы қоныс аудару саясаты еді. Өйткені кеңес үкіметінің орыс переселендеріне құнарлы жерлерді бөліп беруі жергілікті шаруаларды сусыз, өнімі аз жерлерге ығыстыруға алып келген. Бұл мәселені терең зерттеген белгілі тарихшы М. Қойгелдиев қазақ ұлтының жанашырлары С. Қожанов, Г. Сафаров және С. Асфендияровтардың

Түркістан өлкесін аралап, елдің жағдайымен танысқан соң Ташкентке оралып «Ақ жол» газетінде мәлімдеме жариялағанын жазады. Олардың мәлімдемесінде Жетісудағы жағдайдың әлі де болса оналмай тұрғандығына, мұндағы жуан-жұдырықтылар жергілікті қазақ-қырғызды «өздерінің малдарындай көріп» талап келгендігіне, әлі де болса талап жатқандығына, ендігі уақытта бұл мәселені сөз жүзінде қалдырмай, жуан-жұдырықтыларды (кулактарды) қазақ-қырғыз жерінен кетіріп, орын алып отырған зорлық–зомбылықты тоқтатуға, сол арқылы «жер заңын толық жүзеге асыруға» үндеген [9; 178]. Бұл жағдай Сайрам ауданына қатысты да орын алған. Кеңестік тоталитарлық жүйенің жазасынан қорыққан жергілікті басшылық нәтижесінде өтірік ақпарат беруге көшкен. Бұл турасында зерттеуші К. Сыздықов пен С. Жолдасовтар «Өтірік ақпараттарды тек ұйымдасып жатқан ауылшаруашылығы бірлестіктері ғана емес, сонымен бірге аудандар да жіберіп жатты. Соның бір мысалы, 1930 жылы Белые-Воды (кейін Сайрам аталған) ауданында ұжымдық шаруашылықтарға 9100 шаруашылық бірікті деп ақпарат берген еді, сөйтсе, аудандағы барлық шаруа шаруашылығы 4918 ғана екен. Сондай-ақ Сайрам ауданында 24.157 десятина жерге егістік егілді деп ақпарат берсе, шын мәнінде ол 7.606 десятина екендігі анықталды» [8; 50-52], (1-кесте).

1 - кесте

**Сырдария округі бойынша мүлкі тәркіленіп жер аударуға Тәркілеу туралы декреттің
1 және 4-пункттеріне ілінгендер саны [16; 16-17 п.].**

Көшпелі аудандар бойынша		Жартылай көшпелі аудандар бойынша		Отырықшы аудандар бойынша	
1-топқа 25 шаруашылық		1-топқа 41 шаруашылық		1-топқа 14 шаруашылық	
Ірі қара мал 3579 бас	Ұсақ мал 81400 бас	Ірі қара мал 9545 бас	Ұсақ мал 94864 бас	Ірі қара мал 2684бас	Ұсақ мал 61080 бас
2-топқа 4 шаруашылық		2-ші топқа 2 шаруашылық		2-топқа 3 шаруашылық	
Ірі қара мал 332 бас	Ұсақ мал 3200 бас	Ірі қара мал 200 бас	Ұсақ мал 150 бас	Ірі қара мал 45 бас	-
<i>Кесте Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихи архив материалдары негізінде дайындалған, 29-қ., 1-т., 604-іс, 33 п.</i>					

Біз Сайрамнан шыққан Ташкент қаласында оқитын өзбек студенттерінің «Правда Востока» газетіне шағымдануынан басқа да мән жайларды ашып көрсету үшін Бүкілресейлік коммунистік большевиктер партиясы (БК(б)П) ОК Бюро мәжілісінің стенографиялық есебінен үзінділерге назар аударайық: «Баяндама бойынша БК(б)П ОК нұсқаушысы Т. Катцелененбоген сөз сөйлейді. Мен жолдастар, бірнеше анықтамадан бастаймын. Мен ақпаратты алдын-ала жасауға мәжбүрмін, өйткені БК(б)П ОК аппаратының дәстүрлері бойынша тұжырымдар алдымен ОК-да жасалады, содан кейін тиісті шешім қабылданады, содан кейін нұсқаушы бұл шешімді жергілікті ұйымға жібереді. Бұл мәселе жеке болғандықтан, мен бұл мәселе бойынша арнайы келген жоқпын және мәселе Қазөлкекомда да, мен жеке көзқарас мағынасында да, жеке жұмысшылар тарапынан да қарсылық білдірмейтіндіктен және Қазөлкеком тергеуге қатысып, мәселені зерттеді, бұл мәселе Орталық комитетте өз бетінше тұратынына күмән бар. Менің ойымша, бұл қажет емес, өйткені негізінен бұл мәселені сол жерде шешуге болады. Орталық комитетке біз мұнда не анықтағанымыз туралы хабарлағаннан кейін, Орталық комитеттің ол үшін не қажет екенін және ол сіздің баяндамаңызды тыңдай ма, жоқ па, соны шешеді. Енді тексерудің барысы туралы» [17; 1-2 п.]. Орталық комитеттің нұсқаушысы Катцелененбоген Сайрамда 5-6 күн болғандарын, ал Қарабұлақта 1 күн болғанын айтады. Сонымен қатар ол Сайрам аудандық комитетін айыптау орын алып отырғандығын және бұл айыптың өте ауыр сипатын айта келіп өздерінің тұрғындар тарапынан да әрбір өтініш-шағымдарына назар аударғандарын тілге тиек етеді. Нұсқаушы сонымен бірге арыз-шағымды кім жазғандығын, ол азаматтардың аты-жөнін атамауды жөн көргенмін, бірақ жиналыс барысында бұл азаматтар өз пікірлерін ашық айтты дейді. Одан әрі біз дәлелді болу үшін нұсқаушының сөзін стенографиялық жазбалар арқылы дәл келтіруді жөн санадық: «Біз Ташкент қаласында оқитын Сайрамнан шыққан өзбек студенттерінен естідік. Сайрам ауданында жүргізіліп отырған егін шаруашылығында бірқатар іс-шараларға немесе дәлірек айтсақ, тәжірибеге өте риза емес. Олар партияның бағыты дұрыс екенін айтты, бірақ Сайрам ауданында бірқатар теріс істер жасалып жатыр, оның нәтижесінде біз қылмысты көреміз, өйткені егіс алқабы 50-ден 70%-ға дейін қысқарды, 1500 шаруа отбасы Ташкентке кетті және жалпы халықтың 30%-ы дауыс беру құқығынан айырылды» [18; 2 п.]. Атап өтсек, студенттердің шағымындағы айыптаулар өте ауыр, егістік жерлердің 50-пайыздан 70-пайызға дейінгі қысқаруы өзі

негізінен егін шаруашылығымен айналысатын дикандар орналасқан аудан үшін ауыр апатты жағдай. Ал 1500 жанұяның Ташкентке көшуі дегеніңіз де өте қиын көші-қон мәселесі болып табылмақ. Сондай-ақ тұрғындардың 30-пайызының сайлау құқығынан айырылған деген сөз, бұл әрине азаматтардың конституциялық құқығын аяқ асты ететін, «азаматтардың бостандығы мен сайлау құқығы бірінші кезекке» қойылуға тиіс мемлекет үшін санаға сыймайтын нәрсе. Стенография жазбаларында айтылғандай одан әрі Орталық комитет өкілдері студент-комсомолдарды жинап жиналыс өткізген, яғни шағым түсірген топ ретінде мән-жайды алдымен солардан білмек болған. Жиналыста олар кешке дейін сөз сөйлеген және партия мүшелері олардың баяндаған мәселелерін түгел жазып алған. Содан соң бастауыш партия ұйымын, соңынан кедейлер мен орташалардың активін жинап жиналыстар жасаған. Бірақ жиналысқа белсенділердің орнына тұрғындардың аса мол тобы жиналады да, олар ғимаратқа симай мешітке барып, соның ашық алаңында жиын өткізіледі. Жиында көптеген лишенцы (дауыс беру құқығынан айырылғандар) жиналғанын орталық өкілдеріне әлдекім хабарлайды да, өкілдер олардың жиналыстан шығуын талап етеді. Келесі күні ғана өкілдерге кедейлермен сөйлесудің сәті түседі. Одан әрі Орталық комитет мүшелері шағым бергендер мен айыпталушыларды шақырып сөйлескен; жер өлшегіштермен, агрономдармен және су шаруашылығы қызметкерлерімен бірге 3 күн бойы егіс даласын аралаған. Олардың сөзіне сүйенсек, олар аудандарды өлшеді, сайлау құқығынан айырылғандардың тізімдерін, олар туралы айтылған адамдарды, егілген жердің аумағы қысқарғанын айтты, қысқасы туындаған барлық мәселені тексерген. Комиссия құрамында прокурор Ермолов, тергеуші Касаев болған, бір сөзбен айтқанда айып тартуға тиіс адамдардың бәрін комиссия жұмысына тартқан. Одан әрі комиссия жұмысының қорытындысын шығарады. «Комиссияның кишлактан жаппай қашуға қатысты алғашқы тұжырымы. Біз бұны фантастика деп санаймыз. Сайрам ауданынан 1500 шаруа қожалығы қашқан жоқ, бұл өтірік ақпар. Бізге тексерілген адамдардың тізімін бергенде, біз бұған көз жеткіздік, бұл кедейлер емес, жалдамалы жұмысқа кеткен бай мен мердикерлер. Тізімде айтылған бір имамның тас зауыт салып жатқанын көрдік, ол Ташкентке кетті, бірақ оның шаруашылығы жоқ және оны салықтан бас тартқан кедейленген дикан деп санауға болады, ол Янги-арық мешітінің имамы» [19; 3 п.]. Көріп отырғанымыздай, бұдан шығатыны Ф.И. Голощекин бастаған кеңестердің қысымына шыдамай бұл ауданнан да көптеген тұрғындар көрші елдерге бас сауғалаған. Мұның ішінде әрине кейінірек НКВД жөндеттерінің «Сопы» операциясы арқылы қамалып, атылып кеткен дін өкілдері имамдар мен ишандар да бар. Жазбадан аңғарылатынындай орталық өкілдері байларды адам қатарына санап отырған жоқ. Олар үшін бас сауғалап кеткен адам міндетті түрде кедей табының өкілі болу керек. Біз бұдан Қызыл үкіметтің тап күресін аяусыз жүргізген саясатын көреміз. Өкіл одан әрі былай дейді: «Екінші және одан да маңыздысы — егіс алқабы мені бұл айыптау қатты қорқытты. Жолдастар егіс алқабы 50-ден 70%-ға дейін қысқарғанын айтты. «Правда Востока» басылымы партиялық өмірімен ресми анықтама берді, соның негізінде ол мақала жазды. Мен ресми түрде сандарды алғым келді және Октябрь ауылдық кеңесінің төрағасы егіс алқабының 50-ге қысқарғаны туралы қолтаңба мен мөрмен анықтама берді» [19; 3-4 п.]. Бұдан әрі Орталық комитет өкілі Базар қақпа және Қарамұрт қақпа қыстақтарының жерге орналасу жоспарын алғандығын, үш күн бойы жүргенде осы мәселенің жайын біледі деген өкілдер мен мұрабтарды шақыртқандарын, қай жерде қысқару бар екені көрсетуді сұрғандарын айтады. «Қысқарту бар деген жерге біз адамдарымызды жібердік және бірде-бір қысқарған жер телімін таппадық», — дейді. Седов жолдас бізге қысқарған тастақ жерді көрсетті, ал ол жерге бидай мен мақта егілмейтін жерлер болып шықты деп қорытады. Орталық өкілінің сөзіне қарағанда үшінші бір айыптау астық дайындау науқанында орташа шаруаларға қатты қысым жасалып жүргізіліп, ал бай-кулактарға жеңілдік жасалды делінген. Одан әрі өкіл «Астық дайындау мәселесінде бұған жауапты Хасанджанов жолдас біздің саясатты түсінбеген сыңай танытады. Село 1000 пұт астық беру керек болса, байлар 600 пұт берді, ал қалғанын орта шаруалар беруге тиіс. Ал Хасанджанов орта шаруаларға мүлде салық салуға болмайды деген пікірді әдейі ұстанып, партия саясатын түсінбегенін көрсетеді» [20; 5 п.]. Стенограммада сайлау құқығынан 30 % адам айрылған деген шағымға қатысты былай делінген «Теперь относительно процента лишенцев товарищи говорили, процент лишенцев велик, что попали в число лишенцев такие люди которые не должны были быть лишенными прав. Надо брать такой момент, люди которые прибегают к чайрикерскому труду должны быть дифференцированы. Это зависит от нашей политики, нам надо до продумать до конца вопрос и в национальном республике Востока людей, прибегающих к Чайрикерскому труду дифференцировать для того, чтобы защищать интересы этих людей можно ли на основе делать вывод, что Райком вел неправильную линию в отношении перевыборов советов» [20; 5 п.]. Осындай

толып жатқан «дәлелдер» келтірген Орталықтың өкілі аудандық комитеттің жұмысын дұрыс бағытта деп ақтап алады. Бұдан әрі өкіл өзінше қорытынды шығарып, біз өршелене топтасқан жекелеген коммунистердің жалған ақпараттарды әдейі астық дайындау науқанына қарсы күрес үшін таратқан ұйымдасқан тобын анықтадық дейді. «Егер Қазақбаев сынды бірлі-екілі жолдастар қате саясат ұстанса осы үшін аудандық комитетке сенімсіздік туындаса неге ол жолдастар Орталық комитетке хат жолдамайды, демек олар ұйымдасқан топ жат таптық элементтермен бірігіп кеткен деп бір тұжырымдайды». Өкіл осы «ұйымдасқан топтың» өз жұмыстарына қалай кедергі келтірген мысалын атап, Сұлтанов жолдасқа 250-дей кедейді жинау жөнінде тізім берген едік, ал жиналғаны не бәрі 50 адам ғана болды. Мұның өзі Сұлтанов жолдасын кедейлер өкілдерімен нашар байланысын көрсетеді. Ал одан соң кенет 500-600 адам жинала кетеді. Олар залға симаған соң 10 адамды ғана жіберуге мәжбүр болдық, сайлау құқығы жоқтар бар деп мәлімет берген соң біз ешкімді жібермедік. Өкіл Хасанджанов жолдасын бірінші күні кедейлер өздері жиналған болар деп ойлаған болар, бірақ біз тізімдегі адамдарды ғана жинауды айтсақ та келесі күні таңғы 8-9-дан бастап тағы 600 адам жинала кетті, яғни жиналысқа кедергі келтіру үшін әдейі жиналды деп тұжырымдайды. Осындай көп айыптаулармен қатар өкіл Қазақбаев деген коммунистің диқандарға қол жұмсайтынын Сұлтановтың естімеуі мүмкін емес, бұл оның қателігі дейді. Аудандық комитеттің де қателігін өкіл өз сөзінде атап көрсетеді. Хасанджановтың партияға жат әрекетіне басқаша жауап беру қажет болатын. Айталық студенттер келген сәтте оларды бірден жұмысқа тарта алмаған, соның нәтижесінде оларға дұрыс қарым-қатынас жасалмағандықтан олар оппозиция жағына өтіп, солардың ықпалына түсіп кетеді. Хасанджанов та басқа қызметкерлер де мән бермеген ең үлкен қателік жерге орналастыру мәселесінде кеткен. Жерге орналастыру ісі аудандық партия комитетінің тарапынан тыс жүргізіліп отырған. Жер теліміне 3-кезектің орнына кедейлер жерді бірінші болып алатын етіп, ал байлармен орташаларға келгенде жеребе бойынша жасаған. Бұл тәртіп нағыз партиялық комитет жұмыс жасай бастағанда 1928 жылы 15 желтоқсанда ғана тоқтатылған. Мұның бәрі орта таптың мүддесіне соққы болып тиген. Ал байлар шу көтергенде бәрі де оған қол созуға кіріскен де орта таптың дауысы естілмей қалған. Сіздер Сұлтановтың әйелдерге жақын мінезін көрдіңіздер де Сайрам ауданы жолдастарының әлеуметтік наразылығы неде екенін байқамадыңыздар. Өкілдің сөзіне қарағанда көптеген кедей шаруашылықтары құрылған осы шаруашылықтарды көтерудің орнына оған күш салудың орнына оны артельдерге бекітіп, мына диқан жерді өңдеу үшін осынша өгіз беру керек деп тапқан. Бұл өте келеңсіз жағдай. Оның туындау себебі таза әкімшілік тәсіл қолданылып кредиттеу ісіне көңіл бөлінбеген. Мен дейді, өкіл одан әрі, ең соңғы аудандық партия комитетінің қателігі жекелеген қызметкерлердің тарапынан жатқаны сорақы әрекеттерді дер кезінде хабарламаған. Өкіл сонымен қатар Қазақбаев жолдасын қылмыскер бола тұрса да прокурор неге бостандыққа жібергенін, оны қайталап тұтқындауға тура келгенін айтады. Бұл округтік прокурордың кінәсі, екінші Абдухакимов оған әр жерде пара алды деген шағымдар өте көп. Акрамов жолдасқа да шағымдар өте көп түскен. Тергеу біткенше бұл жолдастардың өз міндеттерін атқаруын тоқтата тұру қажет. Өкіл сондай-ақ топтық күрестің дәл сол мезетте не үшін өршіп кеткеніне назар аударады. Бірінші себеп қазір ауқатты диқандардың жағдайы тұрақсызданған. Олар әркім бір оттап бірақ іс жүзінде ештеңе жасалмай жатқан жер реформасын күтуде. Жаңа аудандық комитет партияда жоқтардың екі конференциясын өткізуден басқа ештеңе де жасамаған. Байлар мен ауқатты диқандар тұрақсыз жағдайға жүйкелері тозған, қорғаныш іздеген. Осы сәтте астық дайындау науқаны басталып кетеді де, аудандық комитет таптық сипаттағы бағыт алып байларды қысуды бастайды. Байлар одан ары жүйкелері ширыға тозады, сол сәтте партияның өз ішінде тазалау басталып, көптеген коммунистер партиядан шығарылады. Бұл адамдар негізінен саудагерлер еді, пара алған, ұрлық жасаған, жақсы жабдыкталған үй-жайлары бар [21; 14 п.].

Осы топ негізінен байлардың толқуларын ұйымдастырушылар болды. Орталық комитеттің нұсқаушысы Кацелененбоген одан әрі былай дейді: «Сондай атқа мінердің бірін біз Қарабұлақтан таптық. Бұл адам бұрынғы саудагер болған, ол атқа мінерлердің тіпті кейбір студенттерден мүшелер тартып шабуылға көшкен. Әрине олар Сұлтанов жолдас басқарған аудандық партия комитетінің қателіктерін тауып оны өз мақсаттарына пайдалана қойған. Аудандық партия комитетінің қателігі бұл жерде олар орта тапты теріс жолға түсуге мәжбүр етті. Кедейлер ұйымдастырылмаған еді. Содан барып байлар мен ұйымдасқан топ кедейлердің бір бөлігін өздеріне қосып алып, өз позицияларын нығайтады. Астық дайындау науқаны бұл сондай науқан. Бұқара тобын кеңестер үкіметіне оңай айдап салуға болатын сәт» [21; 14 п.]. Осынау дәуірдің тағы бір жиі бой көрсететін басқару ісіндегі олқылықтардың өрескелі диқандарға қол жұмсау фактілері. Мысалы аталған стенограмманың

мәтінінен Ахметов деген партия өкілінің орта және ауқатты диқандарды ұрып-соғуы жөніндегі шағымдардың берілгенін айтуға болады. Стенограмма мәтінінен аңғаруға болатыны Сайрам ауданындағы проблемалардың колхоздарды кеңейту мәселесі бар екенін және жыртуға жарамды жердің 40 пайызы ғана игерілгендігі. Орталықтың өкілі өз сөзінде алаңдап, мынадай ойын жеткізеді. «Сіздер пұтпен санайсыздар. Әр десятинаға 5 пұттан есеп жасайсыздар. Бірақ бірде-бір агроном немесе диқан мұнымен келіспейді, олар 6-7 пұт деп санайды. Менің ойымша сіздер өлшегішпен өлшегенде бұл қателікті анықтайсыздар. Жер өлшеміне көшу қажет. Егер гектар белгісіз болса, онда танапты бәрі біледі. Шаруа жер өлшеміне жауап бере алатындай ету керек, онсыз бұл мәселе сіздерге тым қымбатқа түседі. Стенограмма мәтінінде мұраптардың рөлі жөнінде, олардың кеңестік үкіметке қарсы жұмыстарда үлкен рөл атқарғаны турасында айтылған. Сондай-ақ аудандық партия комитетінің хатшысы Сұлтановтың негізгі партиялық жұмыс бағыты дұрыс, ал кемшіліктерін жөндеуде оған көмектеу қажеттігі айтылады. Ал, ұйымдасқан топпен мәселені шұғыл түрде аяқтау қажет. Бұл істе кедейлер мен орта кедей табымен дұрыс іс-шаралар кешенін жүргізу керек. Стенограммдан дәлірек болу үшін үзінді келтірейік: «Здесь присутствует т. Медешев, я о нем скажу одно слово. Я считаю назвать студентов группировщиками нельзя, я считаю, что такие товарищи как Медешев и другие не до конца понимали то что делалось. Может быти Хасанджанов не до конца понимал то что делалось но трудно верится. Я думаю что из состава студенчества недостаточно привлекались и они стояли в стороне и все видели поверхностно. Студенчество надо приблизить к райкому партии и сохранить» [21; 14 п.]. Стенограммада ұйымдасқан топ туралы қатаң шара қолдану қажеттігі атап көрсетілген Сайрам ауданы қандай да бір топтың ықпалынсыз, әсіресе Ташкенттің айтақтауынсыз қалыпты өмір сүруі тиіс, бұл жағдайды аудандық партия комитеті қамтамасыз етсін» делінген [21; 14-15 п.]. Сол бір студенттердің шағым хатынан кейін Сайрам ауданы кеңестік құзырлы органдардың репрессивті шараларының басты нысанының біріне айналады.

Соның бірі Оңтүстіктегі НКВД жендеттерінің 1930 жылдары жүргізген «Сопы» операциясының зұлымдық құрығына тіпті иман жолында адамгершілік қағидаларын уағыздап жүрген Сайрам ауданының дін өкілдері де ілініп кете барғаны. НКВД жендеттері бірнеше ишандарды қамап, олардың кінәсін таба алмаған соң тергеуді одан әрі созған. Ишандарды тергеу ісін одан әрі созуға рұқсатты Қазақ КСР Орталық атқару комитеті ғана бере алатын [9; 506 п.]. Оңтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының Қазақ КСР ОАК-ге жолдаған өтініш хатының мәтінінде мынадай деректер бар:

«Мен, НКВД ОҚО бойынша МКБ опер өкілі Мемқауіпсіздігінің кіші лейтенанты Жанахмедов мына айыпталушы азаматтардың:

Хансейітов Сыздықтың, 1965 жылы туылған, Қазақ КСР Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданының тұрғыны, қазақ, ишан, ССРО азаматтығында, тұтқынға алынған сәтте Ташкент қаласында тұрушы, 1929 жылы тұрақты мекені Сайрам ауданынан кулак ретінде тәркілеуден қашқан отбасылы, арабша сауатты, орта діни білімі бар, 1937 жылы 31-мамырда тұтқындалған.

Омартөреев Жүсіпханның, 1876 жылы туылған, Қазақ КСР Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы Қарабұлақ қышлағының тұрғыны, өзбек, ишан, ССРО азаматтығында, тұтқынға алынған сәтте Ташкент қаласында тұрушы, 1929 жылы тұрақты мекені Сайрам ауданынан кулак ретінде тәркілеуден қашқан, отбасылы, арабша сауатты, орта діни білім бар, 1937 жылы 16-маусымда тұтқындалған.

Ишанханов Гүлтөреханның, 1871 жылы Қазақ КСР Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданы Қарабұлақ қышлағының тұрғыны, өзбек, ишан, 1929 жылы тұрақты мекені Сайрам ауданынан кулак ретінде тәркілеуден қашып, сол уақыттан бері қуғындалудан жасырынып жүрген, арабша сауатты, орта діни білім бар, 1937 жылы 1-қыркүйекте тұтқындалған».

Сондай-ақ Хансейітов пен Омартөреевке байланысты Қазақ КСР ОАК-і Президиумының жабық қаулысымен 1937-жылдың 27.VIII-нан 1937 жылдың 15.X-на дейін созырылған тергеу ісі мерзімінің аяқталуын ескере отырып, сондай-ақ тергеу барысында анықталған жаңа жағдайларға байланысты Кеңес Одағының басқа республикаларында орналасқан, панисламдық, көтерілісшіл, диверсиялық, шпиондық террористік орталық ұйым мүшелерінің қызметіне қатысты біраз мәселелерді анықтау үшін белгіленген уақытта тергеу ісін аяқтау мүмкін болмай отыр және тергеу ісіне байланысты тұтқындалулар одан әрі жалғасып, олардың жалпы саны 310 адамға жетті, соған байланысты

Қаулы етілді:

Облпрокурор және ҚазКСР НКВД арқылы ҚазКСР ОАК-не тергеу ісінің уақытын, 1937 жылдың 1-желтоқсанына дейін созу туралы өтініш жасалынсын.

4-бөлімнің оперөкілі
Мемқауіпсіздігінің кіші лейтенанты (Жанахмедов)
«Келісемін» 4-бөлімнің бастығы
Мемқауіпсіздігінің лейтенанты Костенко» [22; 8-9 п.].

Қорытынды

НКВД қызметкерінің қызметтік хатынан көріп отырғанымыздай бұл кісілерге тағылған айыптау панисламизм, көтерілісшілдік, диверсант, шпиондық-террористік ұйым мүшелері сынды аса ауыр айыптың бірнешеуін қосақтап дәрежелеген. Сонымен бірге Қызыл өкіметтің алдында бүкіл елдегі діни ұйымдарды жауып, мүшелерінің түгел көзін жою міндеті қойылғанын осы хаттың мазмұнынан анық аңғаруға болады. Анығын айтсақ айыпталып, тұтқындалған азаматтардың барлығы да арабша сауатты адамдар. Яғни Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында сауатты адамдар болмаған деген сол дәуірдің ұлы орыстық шовинистік ұрандарын ақтау үшін де кез келген ескіше хат тани білетін адамдарды панисламшыл, көтерілісшіл, диверсант, шпион-террорист деген ауыр айыптаумен құртып отыру актісі жасалынған. НКВД қызметкерінің тергеу мерзімін созу турасындағы қызметтік хатына қарағанда қолдан жасалған жалған айыптауларды толық мойындатуға уақыт жеткізе алмаған сыңайлы. Себебі хатта көрсетілгендей «Хансейітов пен Омартөреевке байланысты Қазақ КСР ОАК-і Президиумының жабық қаулысымен 1937 жылдың 27.VIII-нан 1937 жылдың 15.X-на дейін созырылған тергеу ісі аяқталуына байланысты», яғни бір рет созырылған тергеу ісін қайта созыруға өтініш берілген. Бұл кеңестік өкіметтің Сайрам өңірінде жасаған репрессивті адам құқығын таптаған қуғын-сүргін шараларының бірі ғана болып табылады. Сонымен қатар жоғарыда аталған шағымданушы студенттерді түрлі айыптаулар мен жазалау санкциялары күтіп тұрды. Оны «Сайрам ауданының астық дайындау және ауылшаруашылық салығын жинау жұмыстарын тексеру материалдарының қорытындысындағы» мынадай айыптаулардан көруге болады. Яғни «бұл айыптауларда 13–15 адамнан тұратын шағын топ Ташкент қаласынан маусымдық жұмыс іздеп келген, кедейлерді ұйымдастырып, солардың атын пайдаланып «Правда Востока» газетіне шағым жазған. Бұл іс-әрекеттердің басты ұйымдастырушылары студент-коммунистер тобы болатын. Олар кедейлер деген атаумен Сайрам ауданының бай-манаптарын ұйымдастырып, партия мен үкіметтің Сайрам ауданындағы астық жинау мен салық салу іс-шараларын сәтсіздікке ұшыратуды мақсат еткен. Студенттердің бұл тобы «Правда Востока» газеті тілшісімен бірге Сайрам ауданында болып, астық дайындау науқанына біржола балта шапқан, нәтижесінде астық дайындаудың соңғы бескүндігі өте төмен қарқынға түскен. Сондай-ақ аталған топ жергілікті билік өкілдері жақын арада тұтқындалады деген сыбыс таратқан. «Правда Востоканың» тілшісін Орта Азия үкіметінің өкілі деп таныстырған. Бұл студенттер шын мәнінде бай шаруашылықтардың қорғаушылары мен идеологтары болып табылады. Жиналған материалдарға сүйене отырып және партия ұйымдары мен кедейлер жиналысының жаппай талаптары негізінде біз бұл студенттерді шұғыл түрде Орта Азия Коммунистік университетінен оқудан шығарып, партиялық жауапқа тартуды ұсынамыз» делінген [13; 11-12 п.]. Стенограмма мәтінінде сол дәуірдің репрессиялық сипаты байқалады: «Но основное что следует сделать — ЦК должна проверить каждый вопрос по каждому преступлению, а с другой стороны тех товарищей которые виновны в уголовных злоупотреблениях судить в порядке показательного процесса и исключить из партии» [21; 14-15 п.].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Фрейд З. Психопатология обыденной жизни / З. Фрейд. — М., 2022. — 416 с.
- 2 Бергер П. Социальное конструирование реальности / П. Бергер, Т. Лукман. — М., 1995. — 85 с.
- 3 Блауберг И.В. Краткий словарь по философии / И.В. Блауберг, И.К. Пантин. — М., 1979. — 34 с.
- 4 Бродель Ф. Структуры повседневности: Возможное и невозможное / Ф. Бродель. — М., 1986. — 621 с.
- 5 Schulze M. Sozialgeschichte, Alltagsgeschichte Micro-Historie / M. Schulze. — Göttingen, 1994. — S. 65-80.
- 6 Жолдасов С. Шежірелі Оңтүстік / С. Жолдасов. — Алматы: ҚазАқпарат баспасы, 2002. — 152 б.
- 7 Бабенко С.М. На земле Ахмеда Яссави / С.М. Бабенко. — с. Белые Воды: Сайрам. район. типогр., 1994. — 272 с.
- 8 Сыздықов К. Ата коньсы. Шымкент облысы кеше бүгін / К. Сыздықов, С. Жолдасов. — Шымкент: Нұрлы Бейне, 1992. — 155 б.
- 9 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: монография. Екінші кітап / М. Қойгелдиев. — Алматы: Мектеп, 2017. — 656 б.

- 10 Омарбеков Т. 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы / Т. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1997. — 320 б.
- 11 Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления / К. Алдажуманов // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. — Алматы: Арыс-Казахстан, 1998. — С. 66–92.
- 12 Абдрахманов Ю. Избранные труды / Ю. Абдрахманов. — Бишкек, 2001. — С. 196, 197.
- 13 ҚР ОМА. — 1000-қ. — 1-т. — 17-іс.
- 14 ҚР ОМА. — 5-к. — 8-т. — 55-іс.
- 15 ГА РФ. — Ф. 3316. — Оп. 2. — Д. 220.
- 16 Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві (әрі қарай — ТОҚСТМА). — 29-қ. — 1-т. — 604-іс. — 33-п.
- 17 ТОҚСТМА. — 29-қ. — 1-т. — 289-іс. — 1-2 п.
- 18 ТОҚСТМА. — 29-қ. — 1-т. — 289-іс. — 2 п.
- 19 ТОҚСТМА. — 29-қ. — 1-т. — 289-іс. — 3-4 п.
- 20 ТОҚСТМА. — 29-қ. — 1-т. — 289-іс. — 5 п.
- 21 ТОҚСТМА. — 29-қ. — 1-т. — 289-іс. — 4-15 п.
- 22 ҚР ҰҚК ОҚОДА. — 6-қ. — 01918-іс. — 8-9 п.

Ж.А. Таштанов, Вежихи Сефа Фүат Хекимоғлу

Повседневная история Сайрамского района в период насильственной коллективизации

Цель настоящей статьи — изучение микроистории Сайрама «при принудительной коллективизации и репрессивных мерах в 1928–1930 гг». Авторами был проведен сравнительный анализ общей коллективизации XX века, и определена особенность состояния эпохи в Сайрамском районе. Объект изучения — исследование архивных материалов и работ отечественных авторов, с целью определения причин жалоб студентов Среднеазиатского государственного университета в Сайраме в 1928–1930 гг. Согласно неопубликованным и опубликованным архивным материалам, был обнаружен большой расход конфискованных животных на животноводческих фермах и на территории оседлых районов. Вместе с тем были приведены данные о репрессированных гражданах из этого района как врагах народа. Согласно Стенографическому отчету, содержащемуся в архивных материалах, отражены действия советской тоталитарной власти в условиях классовой борьбы той эпохи, вызванной протестом крестьян перед уборкой урожая в Сайрамском районе, связанной с переплатой налогов. Рассказывая историю повседневной жизни Сайрамского района в 1928–1930 гг. и анализируя ситуацию, изложенную в письме-жалобе студентов, авторы сделали собственные выводы, выдвигая на первый план реалии эпохи.

Ключевые слова: коллективизация, конфискация, крестьянское хозяйство, кочевые, оседлые, диханы, студенты, жалоба, аткаминеры, средняки, зажиточные.

Zh.A. Tashtanov, Vezhikhi Sefa Fut Hekimoglu

The daily history of the Sairam district during the period of forced collectivization

The purpose of the article is to study the microhistory of Sairam “during forced collectivization and repressive measures in 1928-1930”. Comparisons were made of the general collectivity of the twentieth century, and the peculiarity of the state of the epoch in the Sairam area was determined. The object of the analysis was the study of archival materials and domestic authors in order to determine the reasons for the complaints of students of the SAGA in the Sairam 1928-1930. According to unpublished archival materials and published data, it was found that there are many costs of confiscated animals on common breeding farms and settled areas. At the same time, in the course of the article, the data of repressed citizens from this area were presented as enemies of the people. According to the verbatim report contained in archival materials, the actions of the Soviet totalitarian government in the conditions of the class struggle of that era caused by the protest of peasants before harvesting in the Sairam district, overpayment of taxes are reflected. Telling the story of the daily life of the Sairam district in 1928-1930, analyzing and discussing the situation in a letter with complaints from the same students, the authors drew their own conclusions, highlighting the realities of the era.

Keywords: collectivization, confiscation, peasant economy, nomadic, settled, dikhans, students, complaint, atkaminers, average, rich.

References

- 1 Freid, Z. (2022). Psikhopatologiya obydennoi zhizni [Psychopathology of everyday life]. Moscow [in Russian].
- 2 Berger, P., & Lukman, T. (1995). Sotsialnoe konstruirovaniye realnosti [Social construction of reality]. Moscow [in Russian].
- 3 Blauberg, I.V., & Pantin, I.K. (1979). Kratkii slovar po filosofii [A short Dictionary of Philosophy]. Moscow [in Russian].
- 4 Brodel, F. (1986). Struktury povsednevnosti: Vozmozhnoe i nevozmozhnoe [Structures of everyday life: Possible and impossible]. Moscow [in Russian].
- 5 Schulze, M. (1994). Sozialgeschichte, Alltagsgeschichte Micro-Historie. Gottingen.
- 6 Zholdasov, S. (2002). Shezhireli Ontustik` [Genealogical South]. Almaty: Qazaqparat [in Kazakh].
- 7 Babenko, S.M. (1994). Na zemle Akhmeda Yassau [On Earth of Akhmed Yassavi]. Selo Belie Vody: Sairamskaia raionnaia tipografiia [in Russian].
- 8 Syzdykov, K., & Zholdasov S. (1992). Ata qonys. Shymkent oblysy keshe zhane bygin [Grandfathers' home. Shymkent region yesterday today]. Shymkent: Nyrlı Beine [in Kazakh].
- 9 Koigeldiev, M. (2017). Alash qozgalysy. Yekinishi kitap [Alash movement. Second book]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 10 Omarbekov, T. (1997). 20-30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti [The tragedy of Kazakhstan in the 20-30s]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 11 Aldazhumanov, K. Krestianskoe dvizhenie soprotivleniia [Peasant resistance movement]. *Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremia i sudby — The peoples deported to Kazakhstan: time and destinies*. Almaty: Arys-Kazakhstan, 66-92 [in Russian].
- 12 Abdрахманов, Yu. (2001). Isbrannye trudy [Selected works]. Bishkek [in Russian].
- 13 QR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1000. — Op. 1. — D. 17 [in Kazakh].
- 14 QR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5. — Op. 8. — D. 55 [in Kazakh].
- 15 GA RF [State Archive of the Russian Federation]. — F. 3316. — Op. 2. — D. 220 [in Russian].
- 16 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 604. — L. 33 [in Kazakh].
- 17 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 289. — L. 1-2 [in Kazakh].
- 18 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 289. — L. 2 [in Kazakh].
- 19 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 289. — L. 3-4 [in Kazakh].
- 20 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 289. — L. 5 [in Kazakh].
- 21 TOQSTMA [State Archive of socio-political history of Turkestan region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 289. — L. 4-15 [in Kazakh].
- 22 QR UQK OQODA [National Security Committee of the Republic of Kazakhstan]. — F. 6. — D. 01918. — L. 8-9 [in Kazakh].